

"Әлеуметтік көмек алу үшін жеке тұлғалардың санаттарын және қажетті құжаттардың тізбесін айқындау туралы" 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 3/5-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2012 жылғы 13 қыркүйектегі N 9/3-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 25 қыркүйекте № 2660 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қалалық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы N 25/3-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қалалық мәслихатының 24.12.2013 N 25/3-V (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысының 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың «Әлеуметтік көмек алу үшін жеке тұлғалардың санаттарын және қажетті құжаттардың тізбесін айқындау туралы» 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 3/5-V (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-1-184 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 10 мамырдағы № 19 «Өскемен» және № 19 «Усть-Каменогорск» газеттерінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Әлеуметтік көмек алу үшін мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын және қажетті құжаттардың тізбесін айқындау туралы»;

1 тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әлеуметтік көмек алу үшін жеке тұлғалардың мынадай санаттары а й қ ы н д а л с ы н : » .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

М. Екібасова

Қалалық мәслихаттың хатшысы

В. Головатюк

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК